ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2024 жылғы 25 шілде №2301-24-00-2/1846 іс Атырау қаласы

Атырау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья О.Ш.Даурешова
сот отырысының хатшысы Д.Ш.Исмаиловаңың қатысуымен,
ашық сот отырысында қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
“Атырау облысы Су Арнасы” КМК “Атырау облысының энергетика және тұрғын-үй коммуналдық шаруашылық басқармасы” мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
Жеке кәсіпкер «OLZHA» Узул Махановна Серикбаева

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
Талап қоюшы өкілі С.Н.Кайрлигужиева

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

2024 жылғы 10 мамырда мемлекеттік сатып алу туралы №ГЗ-288 келісім-шарт жасақталған (бұдан әрі – Шарт).

Шарттың ажырамас бөлігі 1-қосымшасына сәйкес жауапкер талап қоюшыға №1 қосымшада көрсетілген «51 дана сұйықтық деңгейінің реттегіші» тауарларды жеткізуге міндеттенген.

Шарттың сомасы – 481 746 теңге, орындау мерзімі – Шартқа қол қойылғаннан кейін 15 күнтізбелік күн ішінде, яғни 2024 жылғы 23 мамырға дейін.

Күні бүгінге дейін шарт бойынша алынған міндеттемелер орындалмай, тауарларды жеткізу бойынша әрекеттер жасалмаған, ол туралы жауапкерден ешқандай туындаған қиыншылықтар туралы дәлелді хат келіп түспеген.

Талап қоюшы сотқа талабын жолдап, шарттың талаптары мүлдем орындалмағанын, оны мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тануды сұрады.

Талап қою арызға қарсы пікір ұсынылмады.

Сот отырысында жауапкер қатыспады. Сот отырысының уақыты мен орны туралы тиісті түрде хабарланған, алайда сотқа қатыспай және істі өзінің қатысуынсыз қарауды сұрамаған.

Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің (бұдан әрі - АПК) 196-бабының 4-бөлігі негізінде азаматтық іс жауапкердің қатысуынсыз қаралды.

УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің (бұдан әрі – АК) 386-бабының талабына сай шарт оны жасасқан кезден бастап күшіне енеді және тараптар үшін міндетті болып табылады.

Ал, АК-нің 272-бабының талабына сәйкес: міндеттеме-міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше орындалуға тиіс, ал мұндай шарттар мен талаптар болмаған жағдайда-іскерлік қызмет өрісіндегі әдеттегі құқықтарға немесе әдетте қойылатын өзге де талаптарға сәйкес орындалуға тиіс.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сатып алу туралы Заңының (келесіде – Заң) 12-бабының 4-тармағының 3) тармақшасына сай, мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі өздерімен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісінше орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді. Осы тармақтың бірінші бөлігінің 1) және 3) тармақшаларында көрсетілген жағдайларда, тапсырыс беруші өзіне өнім берушінің Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасын бұзу фактісі туралы белгілі болған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей, осындай әлеуетті өнім берушіні немесе өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап арызбен сотқа жүгінуге міндетті.

Сотта анықталғандай, 2024 жылғы 10 мамырда мемлекеттік сатып алудың қорытындылары негізінде талап қоюшы мен жауапкер арасында мемлекеттік сатып алу туралы №ГЗ-188 келісім-шарт жасақталған. 1-қосымшасына сәйкес жауапкер талап қоюшыға №1 қосымшада көрсетілген «51 дана сұйықтық деңгейінің реттегіші» тауарларды жеткізуді міндеттенген. Орындау мерзімі – 2024 жылы 23 мамырға дейін.

Талап қоюшы сот отырысында жауапкер тарапынан шарттың міндеттемелері шартта көрсетілген мерзімде орындалмай, нәтижесінде талап қоюшы үшін жағымсыз салдар пайда болғанын, мекеме үшін қажетті тауарлар жеткізілмегендігін көрсетті.

Бұл жағдайда, талап қоюшының жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талабы сотпен негізді деп танылады.

Құжатқа қол қойылған: Дәуешова О. Ш., 01.08.2024
Заңды күшіне енген күні: 02.09.2024, судья Саудабаев А. Б., 04.09.2024
2301-24-3-1/1938

АПК-тің 117-бабына сәйкес жауапкерден мемлекет кірісіне 1 846 теңге мемлекеттік баж өндірілуге жатады.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226-баптарын басшылыққа алып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

«Атырау облысы Су Арнасы» КМК «Атырау облысының энергетика және тұрғын-үй коммуналдық шаруашылық басқармасы» мемлекеттік мекемесінің жауапкер жеке кәсіпкер «OLZHA» Узул Махановна Серикбаеваны мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талабы қанағаттандырылсын.

Жеке кәсіпкер «OLZHA» Узул Махановна Серикбаева мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Жеке кәсіпкер «OLZHA» Узул Махановна Серикбаевадан мемлекет кірісіне 1 846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Шешімге Атырау облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым, прокурордың өтінішхаты Атырау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 403, 404-баптарының талаптарын сақтай отырып, шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап берілуі, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде беруі мүмкін.

Судья О.Ш.Даурешова

Құжатқа қол қойылған: Даурешова О. Ш., 01.08.2024

Заңды күшіне енген күні: 02.09.2024, судья Саудабаев А. Б., 04.09.2024